



БҰЙРЫҚ

2025 ж. 02 тамыз
Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№ 109-н
город Алматы

2025-2026 оқу жылында жатақханада тұру төлемақысын бекіту туралы

2025 жылдың 30 маусымында өткізілген Ғылыми кеңес мәжілісінің №12 хаттамасын басшылыққа ала отырып және Әлеуметтік тәрбие жұмысы және жастар саясаты қызметінің басшысы Ж.Ж. Ысқақовтың 2025 жылғы 6 тамыздағы №01-16/1276 қызметтік хатының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025-2026 оқу жылында Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының студенттік жатақханасында тұру ақысы төмендегідей бекітілсін:

1) мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алатын бакалавриат студенттері үшін оқу үдерісі кезеңінде – ай сайын 10 200 (он мың екі жүз) теңге мөлшерінде;

2) ақылы негізде білім алатын бакалавриат студенттері үшін оқу үдерісі кезеңінде – ай сайын 11 200 (он бір мың екі жүз) теңге мөлшерінде;

3) жатақханада тұру ақысын әр жартыжылдықтың басында алдын ала 50% мөлшерінде төлеу тәртібі енгізілсін;

4) жатақханада тұратын әлеуметтік осал топтар санатына жататын студенттер (жетім қалған студенттер, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған студенттер, мүгедектігі бар студенттер) жатақханада тұру ақысынан босатылсын;

5) студенттік өзін өзі басқару ұйымдарының төрағаларына, жатақхана старосталары мен студенттік кеңес мүшелеріне жатақханада тұру ақысына 50% жеңілдік берілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау Әлеуметтік тәрбие жұмысы және жастар саясаты қызметінің басшысы Ж.Ж. Ысқақовқа жүктелсін.

Негізі: Әлеуметтік тәрбие жұмысы және жастар саясаты қызметінің басшысы Ж.Ж. Ысқақовтың 2025 жылғы 6 тамыздағы №01-16/1276 қызметтік хаты.

Ректордың м.у.а.



Н. Кулданов

000222

Келісілген:

Академиялық мәселелер
жөніндегі проректор

Бас есепші

Заң секторының басшысы

Compliance officer








